



Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты

# ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961  
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (2)



ISSN: 1814-6961 (print)  
ISSN: 2788-9718 (online)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2026. Т. 29 (2)

---



Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhyy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 804–816  
Journal homepage:  
<https://otan.history.iie.kz>



ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2026\\_29\\_2\\_804-816](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_804-816)

## ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025)

Олжас Бекенұлы Қуанбай<sup>1</sup>, Қуаныш Мәдиұлы Мурзаходжаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Токио Университеті (TUFS) ғылыми тағлымдама зерттеушісі  
Анкара Университеті (Сыхие, Алтындаг. 06100. Анкара қ., Түркия Республикасы)  
Анкара Университетінің PhD докторанты  
<https://orcid.org/0000-0003-2079-1084> E-mail: [olkube89@gmail.com](mailto:olkube89@gmail.com)

<sup>2</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)  
Аға ғылыми қызметкер, PhD доктор  
<https://orcid.org/0000-0001-7723-8082> . E-mail: [kuka\\_ist@mail.ru](mailto:kuka_ist@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Қуанбай О.Б., Мурзаходжаев Қ.М., 2026

**Аңдатпа.** *Kipicne.* Бұл ғылыми мақалада Жапонияның *Asahi Shimbun*朝日新聞, *Yomiuri Shimbun*読売新聞, *Mainichi Shimbun*毎日新聞, *Nihon Keizai Shimbun* 日本経済新聞 және *Sankei Shimbun* 産経新聞 секілді ірі тәуелсіз жетекші басылым беттері (газеттер) 1990 жылдан 2025 жылдар аралығындағы демографиялық өзгерістер мен әлеуметтік жағдайлардың қалай зерделенгенін көрсетеді. Соның ішінде Жапониядағы кейбір өзекті демографиялық мәселелерді Қазақстан қоғамындағы үрдістермен өзара салыстырмалы түрде талдауға көңіл бөлінген. *Мақсаты мен міндеттері.* Мақаланың негізгі мақсаты Жапония мен Қазақстан мемлекеттеріндегі халықтың қартаюуы, бала туу көрсеткіштері, еңбек нарығының құлдырауы, еңбек ресурстарының азаюы сияқты негізгі демографиялық құбылыстарды талдау, әрі жапон қоғамының жылдар аралығындағы өзгерістерін БАҚ-тағы мазмұндық тенденциялар мен тақырыптық дискурс аясында сараптамалық баға беру. Бұл мақала жетекші жапондық газеттердің демографиялық өзгерістерді қалай хабарлағанын және олардың салдарын қалай анықтағанын талдауға бағытталған. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеуде 1990–2025 жылдары жарияланған Жапонияның жетекші бес газетінің (*Asahi Shimbun*, *Yomiuri Shimbun*, *Mainichi Shimbun*, *Nihon Keizai Shimbun*, *Sankei Shimbun*) материалдарына сапалы мазмұндық талдау жүргізілді. Зерттеуде тарихи-типологиялық, ретроспективті және демографиялық болжамдау әдістері қолданылды. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында Жапония халқының қартаюу үрдісі 1990 жылдардан бастау алғандығын аңғардық. Оның негізгі факторы отбасын құруды кешіктіру, баланы дүниеге әкелуге ынталы болмауы, ұлттық құндылықтардың өзгеріске ұшырауы, т.б. Сонымен қатар Жапониямен салыстырған Қазақстан халқының демографиялық ахуалы біршама тұрақты, туу көрсеткіші жоғары, қартаюу үлесі қалыпты екендігін байқадық. *Қорытынды.* Демографиялық мәселе әр мемлекет үшін стратегиялық нысан болуы шарт. Оның қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де мемлекеттік демографиялық саясаты болуы керек. Аталмыш

зерттеу осындай мемлекеттік бағдарлама жасауға, оған түзетулер мен толықтырулар енгізуге өз септігін тигізеді.

**Түйін сөздер:** Жапония, Қазақстан, демография, халықтың картаюы, демографиялық салмақ коэффициенті, туу көрсеткіші, ауыл халқы.

**Алғыс.** Мақала «Қазақстан Республикасының демографиялық дамуының қазіргі заманғы тенденциялары (1991–2021 жж.)» АР22785742 жобасы аясында дайындалған.

**Дәйексөз үшін:** Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М. Жапония мен Қазақстанның демографиялық даму үрдістері БАҚ беттері негізінде (1990–2025) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. 804–816-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_804-816

## ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ ЯПОНИИ И КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ДАННЫХ СМИ (1990–2025)

Олжас Бекенұлы Қуанбай<sup>1</sup>, Қуаныш Мадиевич Мурзаходжаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Стажер-исследователь в Токийском Университете (TUFS)  
Университет Анкара (Сихие, Алтындаг, 06100 г. Анкара, Турецкая Республика)  
PhD докторант Университета Анкара  
<https://orcid.org/0000-0003-2079-1084> E-mail: [olkube89@gmail.com](mailto:olkube89@gmail.com)

<sup>2</sup> Институт Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Шевченко, 28. 050010, г. Алматы, Казахстан)  
Старший научный сотрудник, PhD доктор  
<https://orcid.org/0000-0002-7223-2439> E-mail: [kuka\\_ist@mail.ru](mailto:kuka_ist@mail.ru)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Қуанбай О.Б., Мурзаходжаев Қ.М., 2026

**Аннотация.** *Введение.* В этой научной статье страницы (газет) крупных независимых ведущих изданий Японии, таких как Asahi Shimbun (朝日新聞), Yomiuri Shimbun (読売新聞), Mainichi Shimbun (毎日新聞), Nihon Keizai Shimbun (日本経済新聞) и Sankei Shimbun (産経新聞), показывают, как изучались демографические процессы и социальные изменения в период с 1990 по 2025 годы. В том числе особое внимание уделено сравнительному анализу некоторых актуальных демографических проблем Японии с тенденциями в казахстанском обществе. *Цель и задачи.* Основная цель статьи – анализ ключевых демографических явлений в Японии и Казахстане, таких как старение населения, показатели рождаемости, спад на рынке труда, сокращение трудовых ресурсов, а также экспертная оценка изменений в японском обществе в контексте содержательных тенденций и тематического дискурса в СМИ. *Материалы и методы.* В исследовании проведён качественный контент-анализ материалов пяти ведущих японских газет (Asahi Shimbun, Yomiuri Shimbun, Mainichi Shimbun, Nihon Keizai Shimbun, Sankei Shimbun), опубликованных в 1990–2025 гг. Используются историко-типологический, ретроспективный методы и методы демографического прогнозирования. *Результаты.* В ходе исследования было выяснено, что тенденция старения населения Японии берет начало с 1990-х годов. Основные факторы – отсрочка создания семьи, нежелание иметь детей, изменения в приоритетах национальных ценностях и т.д. В то же время по сравнению с Японией демографическая ситуация в Казахстане остается более стабильной, с высоким уровнем рождаемости и оптимальной долей старения. *Заключение.* Демографическая проблема является стратегической целью для каждого государства. И каждая страна решает ее исходя из разных аспектов, таких как принятие краткосрочной, так и долгосрочной государственной демографической политики. Указанное исследование окажет содействие в разработке подобных государственных программ, а также внесении в них корректировок и дополнений.

**Ключевые слова:** Япония, демография, социология, старение населения, статистика, коэффициент демографической нагрузки, рождаемость.

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках проекта АР22785742 «Современные тенденции демографического развития РК (1991–2021 гг.)».

Для цитирования: Куанбай О.Б. Мурзаходжаев К.М. Демографические тенденции Японии и Казахстана на основе данных СМИ (1990–2025) // Отан тарихы. 2026. Том 29. № 2. С. 804–816. [на каз. яз.]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_804-816

## DEMOGRAPHIC TRENDS IN JAPAN AND KAZAKHSTAN BASED ON MEDIA REPORTS (1990-2025)

Olzhas B. Kuanbay<sup>1</sup>, Kuanysh M. Murzakhodzhayev<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Research intern at the Tokyo University (TUFS)  
(Sihiye, Altyndag, 06100 Ankara, Republic of Turkey)  
PhD doctoral student of the Ankara University,  
<https://orcid.org/0000-0003-2079-1084>, E-mail: [olkube89@gmail.com](mailto:olkube89@gmail.com)  
\*Corresponding author

<sup>2</sup> Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Shevchenko, 28. 050010, Almaty, Kazakhstan)  
Senior Researcher Associate, PhD  
<https://orcid.org/0000-0002-7223-2439> E-mail: [kuka\\_ist@mail.ru](mailto:kuka_ist@mail.ru)

© Valikhanov IHE, 2026

© Kuanbay O.B., Murzakhodzhayev K.M. 2026

**Abstract.** *Introduction.* In this scientific article, the pages (newspapers) of major independent leading Japanese publications such as Asahi Shimbun (朝日新聞), Yomiuri Shimbun (読売新聞), Mainichi Shimbun (毎日新聞), Nihon Keizai Shimbun (日本経済新聞), and Sankei Shimbun (産経新聞) illustrate how demographic processes and social changes were studied from 1990 to 2025. Particular attention is paid to a mutually comparative analysis of certain current demographic problems in Japan with trends in Kazakhstani society. *Purpose and objectives.* The main goal of the article is to analyze key demographic phenomena in Japan and Kazakhstan, such as population aging, birth rates, labor market decline, and reduction in labor resources, as well as an expert assessment of changes in Japanese society within the context of content trends and thematic discourse in the media. *Materials and methods.* The study employs a qualitative content analysis of articles published between 1990 and 2025 in five leading Japanese newspapers (*Asahi Shimbun*, *Yomiuri Shimbun*, *Mainichi Shimbun*, *Nihon Keizai Shimbun*, and *Sankei Shimbun*). Historical-typological, retrospective, and demographic forecasting methods were applied. *Results.* The research revealed that the trend of population aging in Japan began in the 1990s. The main factors include delaying family formation, reluctance to have children, changes in national value priorities, etc. At the same time, compared to Japan, the demographic situation in Kazakhstan remains more stable, with a high birth rate and an optimal share of aging. *Conclusion.* Demographic problem is a strategic goal for every state. And each country addresses it based on different aspects, such as adopting both short-term and long-term state demographic policies. The indicated research will contribute to the development of such state programs, as well as the introduction of corrections and additions to them.

**Keywords:** Japan, demography, sociology, population aging, statistics, dependency ratio, birth rate.

**Acknowledgements.** The article has been prepared as part of the project AR22785742 «Modern trends in the demographic development of the Republic of Kazakhstan (1991–2021)».

**For citation:** Kuanbay O.B., Murzakhodzhayev K.M. Demographic trends in Japan and Kazakhstan based on media reports (1990–2025) // Отан тарихы. 2026. Vol. 29. No. 2. Pp. 804–816. [in Kaz.]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_804-816

**Кіріспе.** Жапонияның соңғы үш онжылдықтағы (1990–2025) демографиялық траекториясы дамыған елдер арасында бұрын-соңды болмаған саяси-әлеуметтік динамиканы сипаттайды. Дүние жүзіндегі ең жылдам қартайтын халықтардың біріне және бала туылуының төмендеуіне байланысты бұл өзгерістер – елдің әлеуметтік, саяси және экономикалық құрылымдары үшін күрделі мәселелерге себеп болды. Сонымен қатар, Жапонияның бұқаралық ақпарат құралдары үкімет саясаты мен қоғамдық пікір арасында негізгі тақырыпқа айналды. Бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын және ғылыми интерпретацияларды қарастыра отырып, жапондық БАҚ-тың ұлттық саясат бағдары

мен қоғамдық тенденцияларды қалай сипаттайтыны – олардың әлеуметтік мәселелердің шешім табуына үлкен септігін тигізетіні аса маңызды қоғамдық құбылыс. Соңғы үш онжылдықта айтарлықтай демографиялық өзгерістер, соның ішінде халықтың қартаюуы, туу деңгейінің төмендеуі және қалалық көші-қон мәселесі жаңа сипатқа ие болды. Бұл өзгерістер елдің экономикасына, әлеуметтік құрылымдарына және саясатты қайта қарастырып қайта қалыптастыруға тың серпін берді.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Бұл зерттеуде 1990–2025 жылдар аралығында жарияланған бес негізгі жапон газеттерінің – Асахи Шинбун, Йомиури Шинбун, Майничи Шинбун, Нихон Кейзай Шинбун және Санкей Шинбун – мақалаларының сапалы мазмұнды талдауы қолданылды. Қартаюу, төмен туу деңгейі, тұрғындардың азаюуы және гендерлік рөлдер сияқты негізгі демографиялық тақырыптарды қамтитын мақалалар да зерделенді. Демография ғылымдарының тарихи-типологиялық, ретроспективті әдіс-тәсілдері арқылы аналитикалық сүзгі, сандық көрсеткіштерге негізделген болжам жасау әдістері қолданылды.

**Талқылау.** Жапонияның демографиялық мәселелеріне, әсіресе халықтың қартаюуы, халық санының азаюуы және отбасы құрылымдарының ауысуы құбылыстарына ғалымдар назары 1990 жылдардың басынан бері күрт түрде күрт өсті. Зерттеушілер бұқаралық ақпарат құралдарының демографиялық өзгерістер төңірегінде әлеуметтік пікірлерді қалыптастыруда, күшейтуде немесе дискурстың қоғамдық мәселені шешуде маңызды рөл атқаратынын көбірек атап көрсетеді.

Зерттеу тақырыбына қатысты академиялық зерттеулердің негізгі бөлігін үшке бөліп қарастыруға болады: а) Жапониядағы демографиялық зерттеулер, ә) әлеуметтік өзгерістерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсету, б) саясатты қалыптастырудағы қоғамдық дискурстың рөлі. Мысалы, белгілі ғалымдар Огава мен Ретерфордтың іргелі демографиялық зерттеулері Жапониядағы бала туудың төмендеуінің алғашқы көрсеткіштерін анықтады және жұмыс күшінің динамикасы мен әл-ауқат жүйесіне салдарын атап өтті [Ogawa, Retherford, 1993]. Кейінгі зерттеулерден, Кулмас [Coulmas, 2007] және Мацутани (2006) Жапонияның демографиялық динамикасының әлеуметтік салдарын, соның ішінде аймақтық депопуляцияны және жұмысқа жарамды буынға түсетін ауыртпалықты жан-жақты талдауды ұсынды. Бұл жұмыстар бұқаралық ақпарат құралдарының осы тақырыптармен қалай айналысқанын түсіну үшін статистикалық және социологиялық фон береді. Жапондық газеттер мен телебағдарламалар демографиялық мәселелерді қалай шешкенін кейбір жапондық ғалымдар талдады. Вада мен Сакамото 1990–2003 жылдардағы Асахи Шинбун 朝日新聞 және Йомиури Шинбун 読売新聞 мақалаларының салыстырмалы мазмұндық талдауын жүргізді [Wada, Sakamoto, 2005]. Мәселен, бұл мақалада қартаюуды ұлттық «дағдарыс» ретінде бейнелейтінін және консервативті отбасылық құндылықтарды насихаттауға бейім екенін анықтады. Сол сияқты, Мияо БАҚ-та егде жастағы адамдарға тәуелділік пен ауылдың құлдырауы туралы теріс стереотиптерді күшейтуі мүмкін дабыл қағатын сөздер қолдануға ерекше назар аударды [Miyao, 2012]. Мысалы, Хирай мен Кимура Нихон Кейзай Шинбунның 日本経済新聞 «нәтижелі қартаюу» жазбасын қарастырып, 2010 жылдан кейін белсенді қарт адамдар, мансап және кәсіпкерлік туралы көбірек ойлағанын атап өтті [Hirai, Kimura, 2018]. Олардың қорытындылары БАҚ дискурсының Премьер-министр Шиндзо Абэ әкімшілігі көтерген. «Society» (人生100年時代) сияқты саясат бастамаларымен көбірек сәйкес келе бастағанын көрсетеді.

Демографиялық дискурстағы гендерлік рөлдер мен әйелдерді зерттеудің негізгі бағыттары болды. Уно жұмыс істейтін аналарға жүйелі қолдаудың жоқтығына қарамастан, туу деңгейінің төмендеуі туралы БАҚ өкілдері көбінесе әйелдерді аналық рөлдерді орындамағаны үшін жанама түрде кінәлайтынын сынға алды [Uno, 2009]. Murase теледидарлық драмалар мен жарнамаларды талдап, олардың дәстүрлі отбасылық архетиптерді қалай нығайта түсетінін көрсетті [Murase, 2015].

Сандық медиа жаңа пікір алаңын туғызды. Мысалы, Ямамото мен Цучия Twitter және YouTube сияқты әлеуметтік медиа платформаларындағы пікірлерді, соның ішінде отбасылық саясаттың феминистік сыны, «әйелдікке» қарсылық және жұмыс пен өмірдің тепе-теңдігін арттыруға үндеудің қалай жүзеге асып жатқанын зерттеді [Yamamoto, Tsuchiya, 2020]. Бұл төменнен жоғарыға бағытталған бұрынғы медиадағы жоғарыдан төменге қарай ұстанымы күрт қарама-қайшы келетінін ашық көрсетті.

XXI ғасырдың алғашқы және екінші онжылдығында Игараши [Igarashi, 2014] және Сасаки [Sasaki, 2020] сияқты ғалымдар ірі газеттердің саяси сәйкестігін және демографиялық тенденция мен құрылымына қалай әсер ететінін зерттеді. Мысалы, Йомиури Шинбун 読売新聞 және Санкей Шинбун 産経新聞 консервативті саясат күн тәртібіне, соның ішінде дәстүрлі отбасылық

құрылымдарға және иммиграциялық скептицизмге сәйкес келеді, ал Асахи Шинбун прогрессивті көзқарастарды жиі ұсынып, үкіметтің демографиялық саясатын сынады. Бұл идеологиялық бағдарлар хабарланған нәрсеге ғана емес, сонымен бірге демографиялық тенденциялардың контекстіленуіне де әсер етеді.

**Зерттеу нәтижелері.** Халықтың қартаюы 1990-шы жылдардың басынан бастап жапондық медиа дискурстың басты мәселесіне айналды. Мысалы, XX ғасырдың тоқсаныншы жылдардағы зерттеулерден С. Ивао «1990-шы жылдардың басында жапондық БАҚ-та егде жастағы адамдарды әлеуметтік тәуелді етіп көрсету басымырақ», - деген пікір білдіреді [Iwao, 1993: 6]. Осы ойға жақын И. Сугимото да «БАҚ жасы ұлғайған адамдар қоғамға айтарлықтай салмақ болмайды деген ұстанымда», – дейді [Sugimoto, 1997: 3-7]. Кейінірек М. Иноуэ «Жапондық БАҚ-тағы белсенді қарт адамдар» мақаласында «қоғамның белсенді қартаюының және жұмыс күшінің үздіксіз жетіспеушілігіне баса назар аударамын әрі позитивті мән іздеуге ауысуды ұсынамын», - деп ушығып келе жатқан қоғамның демографиялық мәселесіне қатты дауыркпауға шықырды [Inoue, 2018: 35–45]. Ал И. Мурата «...қоғамдағы экономикалық дағдарысқа ұшырамаудың бір жолы – жұмыс күшінің үлес салмағы құлдырамау» керектігіне мән берді [Murata, 2014].

К. Танаканың «Japanese Political Science Review» журналына шыққан мақаласында «туу деңгейінің төмендеуі дискурсында моральдық реңк бар, көбінесе демографиялық өзгерістерді индивидуалистік өмір салтына немесе кешіктірілген некеден» екендігін жазды. [Tanaka, K. (2005). "The Politics of Population Decline in Mass Media." Japanese Political Science Review, 2]. Қазақстанда некеге тұрудың орташа жасы соңғы 10 жылда тұрақты өсіп келеді. Әйелдер динамикасы бойынша бірінші некеге тұрудағы орташа жас 2014 жылы 24,6 жас болса, 2024 жылы 25,2 жасқа жетті. Қала тұрғындары арасында 24-ден 25,7 жасқа дейін өсті, ауылдық жерлерде – 24,3 жас. Жалпы неке үшін 2025 жылы шамамен 25-26 жас. Ал ерлер динамикасы: бірінші некеге 2014 жылы 27,1 жаста тұрса, 2024 жылы 27,9 жасқа жетті. Қалаларда 28,1 жас, ауылда – 27,5 жас. Жалпы ел бойынша 2025 жылы 27,9 жасқа дейін өскен. Некеге тұру жасы ұлғайған сайын бала туу көрсеткіші де азаяды. Соңғы жылдары бала туу көрсеткіші де біршама төмендегенін аңғаруға болады.

**Кесте 1.** Қазақстандағы Демографиялық көрсеткіштер. Туу деңгейі [https://bala.stat.gov.kz/rozhdaemost/]

Жыл	Тірі туылған балалар (жалпы)	Қалада	Ауылда	Жалпы туу коэффициенті (1000 адамға шаққанда)
2015	398 458	225 808	172 650	22,71
2016	400 694	229 731	170 963	22,52
2017	390 262	226 847	163 415	21,64
2018	397 799	235 014	162 785	21,77
2019	401 869	239 748	162 121	21,71
2020	426 726	250 100	176 626	22,75
2021	445 875	262 710	183 165	23,47
2022	403 893	241 459	162 434	20,57
2023	388 428	230 346	158 082	19,52
2024	365 923	219 156	146 767	18,15
2025	329 637	-	-	-

2025 жылдың мәліметі бұл соңғы он жылдағы ең төменгі дәрежеге тең болып отыр. Демек, болашақта бала саны аз болып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай қиындықтар туғызуы әбден мүмкін.


Ал С. Кояма сияқты феминист ғалымдар Жапонияның «БАҚ-ын жүйелі гендерлік теңсіздікті елемей, ана болуды романтизациялау» сарыны болғаны үшін сынға алды. [Koyama, S. (2016). "Family Policy and Gender Norms in Japanese Newspapers." *Gender & Society*, 30(4)]. Т. Ишикава «ауылдық депопуляцияның ностальгиялық және фаталистік линзалар арқылы бейнеленген. Қоғамның қалаға бағытталған ұстанымын қайта жандандыру жобаларын қолдауымыз керек» [Ishikawa, T. (2008). "Nostalgia and Loss in Rural Depopulation Coverage." *Media Japan*, 12(3)],- деген ұстанымда болды.

Жапонияның цифрлық медиа зерттеушілері Накано (2022) және Сузуки (2023) «әлеуметтік платформалар арқылы пайда болатын жаңа дискурс әлеуметтік демографиялық мәселелерді шешетініне» баса назар аударды [Nakano, H. (2022). "Twitter and Demographic Discourse in Japan." *Asian Digital Cultures*, 9(1)]. Сондай-ақ, цифрлық платформалар «халықтың тыныс-тіршілігін қаз қалпында білуге болатын құрал болғандықтан сенімді БАҚ ретінде қарастырылуы керектігін, әлеуметтік-экономикалық ахуал халықтың тұрмысы мен өлім жітімін анық көрсететінін» [Suzuki, R. (2023). "YouTube and Rural Japan." *Journal of New Media Studies*, 17(1)] жеткізді.

Asahi Shimbun хабарлағандай «65 және одан жоғары жастағы адамдар қазір жалпы халықтың 29%-дан астамын құрайды, бұл әлемдегі ең жоғары көрсеткіш» [Asahi Shimbun朝日新聞「高齢化率過去最高の29.3%」2024.09.24]. Асахи Шинбун гезеті осы олқылықты атай келе денсаулық сақтау, ішкі көші қон және еңбек саясатының салдарын көбірек көрсетеді. 2023 жылы Асахи Шинбун «Халықты және әлеуметтік қамсыздандыруды зерттеу ұлттық институты» 国立社会保障人口問題研究所 деректері негізінде төмендегідей ақпаратпен дабыл қағады: «Халықтың жалпы саны қалалардың, округтердің, префектуралар мен ауылды елід мекендердің 40%-дан астамы 10 000-нан аз халықты құрайды. Жергілікті жерлерді жандандыру шаралары шұғыл қолға алынуы қажет. Аталмыш мәселе Қазақстанның ауылдары мен кейбір моноқалалары үшін де қалыптасқан үрдістің көрінісі.

Сөзімізді дәйектесек, соңғы есептерге сәйкес халық санының көрсеткіші 2015–2020 жылдар аралығында қалалардың, префектуралар мен ауылдардың жалпы саны 81,9%-ға қысқарды. Бірақ 2045–2050 жылдар аралығында бұл көрсеткіш 98,9%-ға азаяды деп күтілуде. 2050 жылға қарай қалалардың, аудандардың, поселкелер мен ауылдардың шамамен 20%-ын құрайтын жалпы халық саны 2010 жылғы көрсеткіштің жартысынан азына дейін төмендейді. Нәтижесінде, жалпы халқының саны 5000 адамнан аспайтын негізгі жергілікті өзін-өзі басқаруға жауапты қалалардың, елді мекендердің және ауылдардың саны 2020 жылғы 283-тен (16,4%) 2050 жылы 482-ге (27,9%) дейін 1,7 есеге өседі. Халық саны 5000-нан 13000-ға дейін өседі деп күтілуде. (13,8%-дан 255-ке (14,8%)), халқы 10 000 адамнан аз қалалар, елді мекендер мен ауылдар барлық муниципалитеттердің 40%-дан астамын құрайды деп күтілуде» [Asahi Shimbun *Shinichi Sekine & Hiroaki Abe*関根慎一 阿部浩明 [2050年に人口1万人未満の市区町村が4割超 高齢化ピークにズレ有料記事] 2023年12月22日19:45]. Асахи Шинбун 2050 жылға қарай муниципалитеттердің 40%-дан астамының халқы 10 000-нан төмен болатынын көрсететін болжамдарды атап көрсетті, бұл аймақтық тұрақтылыққа қатысты алаңдаушылықтың өткір мәселе екендігінің айқын дәлелі.

Жоғарыда аталған ауылдар мен ауыл халқы санының азаю үрдісі Қазақстанда да байқалуда. Жақсы өмір сүру мақсатында ауылдық жерлерден ірі орталықтарға әсіресе еңбекке жарамды жастағы әлеуметтік топтар қоныс аударуда. Қазақстанның барлық дерлік аудандарында қаңырап қалып жатқан ауылдық елід-мекендерді жиі байқауға болады. Сөзімізді дәйектесек, ҚР Ұлттық статистикалық агенттігінің 2020–2025 аралығында жариялаған жинақтары мәліметтері бойынша салыстырмалы диаграмма құрастырылды.



**Диаграмма 1.** 2020–2025 аралығындағы ҚР ауылдар, райондар мен қалалардың динамикасы [Казakhstan в цифрах, 2021–2026; <https://stat.gov.kz/news/aza-standa-artayu-indeksi-bir-zhyl-ishinde-1-6-payyzydy-tarma-a-artty/>].

Диаграммаға сәйкес, елімізде ауылдардың саны әр жыл сайын азайып отырғаны байқалады. 2020 жылы 88 қала, 183 район мен 6316 ауыл тіркелсе, бір жылдан кейін ауыл саны 23-ке қысқарған. Жалпы 2020–2025 жылдар аралығында ауыл саны 6316-дан 6096 дейін қысқарған, яғни 220-ға азайған. Бұл үрдіс 2025 жылға дейін жалғасқан, қазіргі кезде ғалымдардың пайымдауы бойынша ауыл саны үстіміздегі жылы да азаюын тоқтатпайды. Оның басты себебі жоғарыда айтқандай «урбанизациялық магниттің» тартылыс күшінің үдеуі, ауыл халқының жұмыссыздығы, ірі өндіріс орындарының мегаполистерде шоғырлануы, ішкі көші-қон процестері, т.б.

Халықты және әлеуметтік қамсыздандыруды зерттеу институты бес жыл сайын құрастырылатын «Аймақтар бойынша келешек халық санын» жариялады: «2050 жылға қарай Токиодан басқа 46 префектурада 75 және одан жоғары жастағы жалпы халық саны 20%-дан асады. Халықтың қартаюуы «бэйби-бумер кіші буыны» (1971 және 1974 жылдар аралығында туған) өздерінің егде жасына аяқ басқан сайын жылдамдауда. Қалалардың, аудандардың, поселкелер мен ауылдардың 40%-дан астамы «өнімді жастағы халықты» құрайды – қоғамның тіршілігін ұстап тұрушы 15 пен 64 жас аралығындағылар - екі есеге азайып, кейбір муниципалитеттердің өмір сүруіне қауіп төндіреді» [Asahi

Shimbun 関根慎「東京以外「75歳以上が2割超」秋田は32%、2050年推計人口」2023年12月22日 15時40分]

Қоғамдық тенденциялардан бірі ретінде 2010 жылдар әлеуметтік медиа платформалар секілді баламалы дискурстар пайда болған кезде елеулі өзгерістер орын алды. Мысалы, Х. Накано «жас ұрпақтардың неке, еңбек және отбасына қатысты үкімет пен бұқаралық ақпарат құралдарына қарсы пікір айту үшін Twitter сияқты платформаларды пайдалану ықтималдығы жоғары», - деп атап өтті [Nakano, H. (2022). "Twitter and Demographic Discourse in Japan." *Asian Digital Cultures*, 9(1)].

Жапон ғалымы Р. Сузуки «қартаюуды және халық санының азаюын дағдарыс ретінде ғана емес, қоғамды жаңарту және балама өмір салты үшін мүмкіндіктер ретінде көлденең байланыс жоғарыдан төменге медиа хабар алмасуға қиындық тудырады және өкілдік ландшафтты әртараптандырады» [Suzuki, R. (2023). "YouTube and Rural Japan." *Journal of New Media Studies*, 17(1)], – деп атай келе YouTube деректі фильмдерін, аймақтық подкасттарды демография зерттеуде өте маңызды екендігіне қоғамның назарын аударуға тырысты.

Денсаулық сақтау, еңбек және әл-ауқат министрлігінің саяси зерттеу институты болып табылатын институт 2020 жылғы халық санағы негізінде және өлім-жітім деңгейі мен халықтың

қозғалысы сияқты факторларды ескере отырып, префектура мен муниципалитет бойынша 2050 жылға дейінгі 30 жылға дейінгі жалпы халық санын есептеді. Фукусима префектурасының 13 қаласы мен елді мекені, соның ішінде ядролық апатқа байланысты эвакуациялау туралы бұйрықтар орындалатын Окума және Футаба қалалары бір аймақ ретінде қарастырылды: «2020 жылы халқының 20%-дан астамы 75 және одан жоғары жастағы нөлдік префектуралар болады, бірақ 2050 жылға қарай бұл Токиодан басқа барлық префектураларда болады. Бес жыл бұрын жүргізілген сауалнама 2045 жылға қарай 43 префектура тұрғындарының 20%-дан астамын 75 және одан жоғары жастағы адамдар құрайтынын есептеді. Халықтың қартаюы жеделдеуде. 75 және одан жоғары жастағылардың орташа жылдық медициналық шығындары (2010 FҮ) бір адамға 956 000 иенді құрайды» [Asahi Shimbun 関根慎「東京以外「75歳以上が2割超」秋田は32%、2050年推計人口」2023年12月22日]. Яғни, 75 жасқа толмағандар үшін 245 000 иеннен төрт есе дерлік және адамдар қартайған сайын медициналық шығындар артатыны белгілі. Бұл әлеуметтік қамсыздандыру шығындарының өсуін жылдамдатуы мүмкін.

Жапониядағы 75 және одан жоғары жастағы адамдардың ең жоғары үлесіне қатысты төмедегідей мәліметтер назар аудартады. Мысалы, «2018 жылы Акита префектурасында 75 және одан жоғары жастағы адамдардың ең жоғары үлесі тіркелді, бұл 32,2% деген сөз. Одан кейін Аомори префектурасы 31,1%, Кочи префектурасы 29,5%, Ивате префектурасы 29,1% және Токушима префектурасы 28,8%. Токио – 20%-дан төмен, 17,5%-ды құрайтын жалғыз префектура, одан кейін Окинава – 20,4% және Фукуока – 21,3%. 2020 және 2050 жылдардағы 75 және одан жоғары жастағы халық санын салыстырсақ, Окинава префектурасы 1,79 есе, Канагава префектурасы 1,53 есе, Шига префектурасы 1,50 есе көп» [Asahi Shimbun 関根慎「東京以外「75歳以上が2割超」秋田は32%、2050年推計人口」2023.12.22].

2023 жылғы БҰҰ деректері бойынша Еуропа, Солтүстік Америка, Австралия және Жаңа Зеландия елдерінде 65 жастан асқандардың үлесі орта есеппен 19,2%-ды, ал 0–14 жастағы балалардың үлесі 16,2%-ды құрады. Осылайша, бұл елдерде еңбек жастағы халыққа түсетін демографиялық жүктеме қарттарға қарай ығысып келеді, бұл қартаю үрдісінің тереңдей түскенін көрсетеді.

Орталық Азияның көптеген елдерімен салыстырғанда, халық негізінен жас. 2023 жылғы БҰҰ деректері бойынша Тәжікстанда қарттардың үлесі 3,7%, Түрікменстанда – 4,3%, Қырғызстанда – 5,4%, Өзбекстанда – 5,7% болды. Қазақстанда бұл көрсеткіш 8,8%-ға жетті және 2024 жылдың соңына қарай 9,2%-ға дейін өскен. Сонымен бірге, осы елдердегі балалар үлесі жоғары: Тәжікстанда – 36,5%, Қырғызстанда – 32,7%, Түрікменстанда – 31,7%, Өзбекстанда – 30,9% және Қазақстанда – 29,2%.

